



«Бекітемін»

ҚР БҒМ «Ұлттық тестілеу  
орталығы» РМҚК  
директорының м.а.

Р. Емелбаев

2021 ж.

## Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу бойынша «География» пәнінен

### ТЕСТ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты және "География" пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес құрастырылған құжат.

**1. Тест мақсаты:** білім алушылардың «География» пәнін меңгеру деңгейлері мен функционалдық сауаттылықтарының қалыптасу деңгейлерін мониторингілеу.

**2. Тест құрылымы:** Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде – 30%, орташа деңгейде – 50%, жоғары деңгейде – 20%.

**Базалық деңгей** білім алушылардың дайындық деңгейлерінің ең төменгі – жеткілікті деңгейін, яғни, терминдерді, нақты фактілерді, әдістер мен іс-тәсілдерді, негізгі түсініктерді, ережелер мен қағидаларды білуін, алынған ақпаратты білім мен дағдыға айналдырып, қалыпты жағдайларда қарапайым модельдерді тани білу, бір формадағы материалды басқа формаға ауыстыра білу, сөздік материалды математикалық ұғымға аудару білу дағдыларын бағалайды.

**Орташа деңгей** білім алушылардың алған білімдерін нақты жағдайлар мен жаңа ситуацияларда дұрыс қолдана білу, заңдылықтар мен теорияларды нақты тәжірибелік жағдайларда пайдалана білу және пән бойынша түрлі әдістер мен қағидаларды дұрыс көрсете білу дағдыларын бағалайды.

**Жоғары деңгей** материалдың негізгі құрылымын құрайтын құрамдас бөлшектерге бөле білу, яғни, бүтінді бөлшектеп, олардың өзара қарым-қатынасын табу, бүтіннің ұйымдастыру қағидаларын анықтау, жаңа бүтін ақпарат алу үшін жаңа фактілер мен олардың салдары арасындағы айырмашылықты тауып, элементтерді үйлестіре білу дағдыларын бағалайды.

Тест 2 бөлімнен тұрады. Тапсырмалардың жалпы саны – 15.

**I бөлім** – 2 контекст. Контекст бойынша берілетін тест тапсырмасы – 5. Тест тапсырмасының формасы – бір дұрыс жауапты.

**II бөлім** – бір немесе бірнеше дұрыс жауапты 5 тест тапсырмасынан тұрады.

### 3. Тест мазмұны

Тест мазмұны «География» пәнінің оқу бағдарламасын меңгеру талаптарын бағалауға бағытталған.

| №  | Бөлімі                               | №  | Тақырыбы  | №  | Мақсаты   |
|----|--------------------------------------|----|---|----|---|
| 01 | Географиялық зерттеу әдістері        | 01 | Зерттеу әдістерінің түрлері   | 01 | География ғылымы салаларындағы маңызды зерттеулерді анықтайды; саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесін сипаттап, баға береді  |
|    |                                      |    |   | 02 | Географияның зерттеу нысандарын анықтайды; географиялық дерек көздермен жұмыс істейді   |
|    |                                      |    |   | 03 | Қазақстан географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктерін анықтайды  |
| 02 | Картография және геоинформатика      | 02 | Географиялық карталар   | 01 | Географиялық номенклатура нысандарын картадан көрсетеді; тақырыптық карталарды оқиды  |
|    |                                      |    |   | 02 | Қазақстанның географиялық номенклатура нысандарын картадан көрсетеді  |
|    |                                      | 03 | Географиялық деректер базасы  | 01 | Геоакпараттық технологияларын қолданудың маңыздылығын сипаттайды  |
| 03 | Табиғатты пайдалану және геоэкология | 04 | Географиялық кабықтар, Табиғи-аумақтық кешендер (Литосфера, Атмосфера, Гидросфера, Биосфера ) | 01 | Литосфераның құрылысы мен заттық құрамын анықтайды; тау жыныстары мен минералдарды түрлі белгілері бойынша жіктейді   |
|    |                                      |    |   | 02 | Жер қыртысының тектоникалық қозғалыстарын талдайды: дрейф, коллизия, субдукция, спрединг  |
|    |                                      |    |   | 03 | Атмосфераның құрамын сипаттайды; атмосфераның құрылысы мен қабаттарының ерекшеліктерін түсіндіреді  |
|    |                                      |    |   | 04 | Климат қалыптастырушы факторларды талдайды; климаттық белдеулерді талдайды  |
|    |                                      |    |   | 05 | Қазақстанның климаттық жағдайын талдайды; климаттық ресурстарын бағалайды   |
|    |                                      |    |   | 06 | Гидросфера және оның құрамдас бөліктерін сипаттайды; Құрлық суларының қалыптасу жолдарын анықтайды Су ресурстарының экологиялық проблемаларын талдайды; су ресурстарының геосаяси проблемаларын жіктеп шешу |



|    |              |    |  |    |  |
|----|--------------|----|--|----|--|
|    |              |    |  |    | жолдарын ұсынады;<br>трансшекаралық өзендер, Каспий теңізінің мәртебесі  |
|    |              |    |  | 07 | Биосфераның құрамын, құрылымын, шекаралары мен қасиеттерін анықтайды;  |
|    |              |    |  | 08 | Географиялық қабық, материктер мен мұхиттар, зоналар және белдеулер, ландшафт табиғи-аумақтық кешендерінің қалыптасуын түсіндіреді; географиялық қабықтың құрамын сипаттайды; географиялық қабық заңдылықтарының маңыздылығын түсіндіреді; |
|    |              | 05 | Табиғатты пайдалану түрлері                  | 01 | Табиғатты пайдалану қажеттілігін түсіндіреді   |
|    |              |    |  | 02 | Табиғатты пайдалану үлгілерінің қоршаған ортаға әсерін анықтайды және бағалайды  |
|    |              |    |  | 03 | Табиғатты пайдалану үлгілерінің қоршаған ортаға теріс әсерін азайту жолдарын ұсынады   |
|    |              | 06 | Геоэкологияның зерттеу пәні мен өзектілігі   | 01 | Аудандастыру негізінде геоэкологиялық зерттеулер жүргізу   |
|    |              |    |  | 02 | Геоэкологиялық зерттеулердің мәнін, мазмұнын, бағыттарын және негізгі санаттарын графикалық түрде ұсынады.   |
|    |              | 07 | Табиғатты қорғау шаралары                    | 01 | Табиғатқа әсер ететін антропогендік факторларды жіктейді және графикалық нысанда ұсынады   |
|    |              |    |  | 02 | Қоршаған ортаның антропогендік өзгерістерін жіктейді.  |
| 04 | Геоэкономика | 08 | Геоэкономиканың зерттеу пәні мен өзектілігі. | 01 | Геоэкономиканың мақсаттары мен міндеттерін, негізгі категорияларын түсіндіреді.  |
|    |              |    |  | 02 | Елдер мен өңірлердің экономикалық дамуындағы географиялық кеңістіктің ролін айқындайды<br>Өндіруші және өңдеуші, қызмет саласы шаруашылық түрлерін жіктейді  |
|    |              | 09 | Дүниежүзілік шаруашылықтың                   | 03 | Шаруашылықтың түрлі салаларындағы кәсіпорындарды орналастыру факторлары мен  |

|    |           |    |   |    |  |
|----|-----------|----|---|----|--|
|    |           |    | құрылымы.   |    | шарттарының жиынтығын талдайды.<br>Көлік инфрақұрылым элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға береді                                     |
|    |           | 10 | Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштері | 04 | Әлем елдерінің шаруашылық құрылымын бағалайды.<br>Дүниежүзілік шаруашылық, халықаралық географиялық еңбек бөлінісінің мәнін анықтайды      |
|    |           |    |   | 05 | Әлем елдерін шаруашылық құрылымы бойынша жіктейді.   |
|    |           |    |   | 06 | Әлем елдерінің экономикалық даму көрсеткіштерін салыстырады  |
| 05 | Геосаясат | 11 | Геосаясаттың өзектілігі                             | 01 | Геосаяси және геосаяси үрдістердің негізгі категорияларын түсіндіреді.   |
|    |           |    |   | 02 | Геосаясаттың негізгі объектілері мен субъектілерін айқындайды.   |
|    |           |    |   | 03 | Геосаяси әсердің негізгі құралдарын зерттейді.   |
|    |           | 12 | Заманауи геосаяси үдерістер. Мемлекеттік шекара     | 01 | Физикалық-географиялық, экономикалық, әлеуметтік, демографиялық, саяси, әскери, технологиялық факторлардың геосаясатындағы рөлін бағалайды |
|    |           |    |   | 02 | Қазіргі геосаяси процестерді талдайды.   |
|    |           |    |   | 03 | Мемлекеттік шекараны анықтау және өткізу жөніндегі функцияларды, түрлерді, іс-шараларды талдайды.  |
|    |           | 13 | Қазақстанның геосаяси жағдайы мен қауіпсіздігі      | 01 | Қазақстан Республикасының геосаяси жағдайына кешенді баға береді.  |
|    |           |    |   | 02 | Қазақстан Республикасының геосаяси қауіпсіздігіне ықпал ететін факторларды айқындайды.   |
|    |           |    |   | 03 | Қазақстан Республикасының әлем елдерімен, әлемдік және өңірлік ұйымдармен байланысын күшейту жолдарын анықтайды.                           |



|    |                                       |    |   |    |   |
|----|---------------------------------------|----|---|----|---|
| 06 | Елтану және саяси география негіздері | 14 | Дүние жүзі елдері   | 01 | Қамту негізінде елдерді географиялық орнына байланысты топтастырады   |
|    |                                       |    |   | 02 | Елдердің экономикалық-географиялық жағдайына баға береді  |
|    |                                       |    |   | 03 | Елдерді басқару формасы және мемлекеттік құрылымы бойынша топтастырады  |
|    |                                       |    |   | 04 | Саяси интеграцияның қажеттілігі мен мақсаттарын түсіндіреді; елдерді экономикалық даму деңгейі бойынша топтастырады |
|    |                                       |    |   | 05 | Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық, саяси-географиялық жағдайына кешенді баға береді                |
| 07 | Адамзаттың ғаламдық проблемалары      | 15 | Ғаламдық проблемалардың географиялық аспектілері мен шешу жолдары | 01 | Адамзаттың дамуындағы проблемаларды жіктейді.   |
|    |                                       |    |   | 02 | Жаһандық мәселелерді шешуде әлемдік тәжірибені зерттейді  |
|    |                                       |    |   | 03 | Жаһандық, оның ішінде Қазақстан аумағында көрініс табатын проблемаларды шешу бойынша өз жобаларын ұсынады.          |

#### 4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

«География» пәні бойынша 2-курс студенттері:

1) географияның, геоинформатиканың, геоэкологияның, табиғатты пайдаланудың, геосаясаттың, геоэкономиканың негізгі категорияларын; геоэкологиялық, экономикалық-географиялық, әлеуметтік-географиялық, саяси-географиялық және саяси карталардың ерекшеліктерін; табиғатты пайдаланудың географиялық ерекшеліктері мен заманауи проблемаларын; геосфераларға антропогендік әсердің көздерін, факторларын және себептерін; табиғатты қорғау шараларының жүйесін және негізгі бағыттарын; табиғатты пайдаланудың заманауи жіктеуінің түрлерін мен типтерін және табиғатты тиімді пайдаланудың жалпы қағидаттарын; халықтардың өмір сүру деңгейі мен сапасының айырмашылықтарын; жекелеген аймақтар мен елдер шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымының географиялық ерекшеліктерін; жекелеген аймақтар мен елдердің географиялық өзгешеліктерін, олардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі, халықаралық географиялық еңбек бөлінісі жүйесіндегі мамандануы бойынша айырмашылықтарын; дүниежүзінің заманауи саяси картасының мазмұнын; дүниежүзілік шаруашылықтың даму көрсеткіштерін; мемлекеттік аумақтың құрылымын және мемлекеттік түрлерін; мемлекеттік шекараларды, олардың түрлері мен серпінін; Қазақстан Республикасының заманауи геосаяси және геоэкономикалық жағдайының ерекшеліктерін; Қазақстанның аймақтық, халықаралық саяси процестерге, халықаралық географиялық еңбек бөлінісіне, қатысын; адамзаттың ғаламдық проблемаларының географиялық аспектілерін білуі;

2) дүние жүзінің заманауи экономикалық-географиялық және саяси-географиялық көрінісін; географияның басқа ғылымдармен интеграциялану қажеттілігін; геоэкологиялық, әлеуметтік, геоэкономикалық және геосаяси процестердің ерекшеліктері

мен серпінін; «табиғат - халық (қоғам) - шаруашылық (экономика)» географиялық жүйесінің тұтастығы мен тұрақтылығын; табиғи ортаға антропогендік қысымды тұрақтандыру жолдарын; қоршаған ортаны қорғауда ғылыми-техникалық прогрестің рөлін; адамның ғаламдықтан жергілікті деңгейге дейінгі географиялық (қоршаған) ортасын қалыптастыратын және өзгертетін табиғи, экономикалық және әлеуметтік факторларды; өмір сүру сапасының қоршаған табиғи орта сапасынан тәуелділігін; ғаламдану жағдайында ірі аймақтар мен елдердің географиялық ерекшеліктерін; заманауи интеграциялық және геосаяси процестердің маңыздылығы мен мәнін; геосаяси субъектілердің рөлі мен ықпал ету аймақтарын, өзара әрекеттесу сипатын, дүние жүзінің геосаяси аудандастырылуын; адамзаттың ғаламдық проблемаларының себептері мен оларды шешу жолдарын түсінуі;

3) географиялық зерттеудің заманауи әдістерін және олардың комбинациясын; географиялық деректердің түрлі көздерін; тақырыптық карталардың қосымша сипаттау элементтерін; геокеңістіктік дереккөздерін; географиялық ақпаратты іздеу, өңдеу, жүйелеу, түсіндіру, қажетті мәнмәтінде өзгерту, сақтау, тарату және ұсыну дағдыларын; картометрия тәсілдерін; қажетті мәнмәтінде есептеулер жүргізу үшін түрлі формаларды қолдануы;

4) географиялық қабық пен географиялық ортада болып жататын процестер мен құбылыстардың арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды; табиғат пен қоғамның өзара байланыстары мен олардың кеңістіктік ерекшеліктерін; географиялық нысандардың, процестердің және құбылыстардың орналасу, байланыс және басқа да кеңістіктік қатынастарының ерекшеліктерін; заманауи дүниежүзілік шаруашылықтың табиғи, әлеуметтік-экономикалық негіздерін; сандық және сапалық геокеңістіктік деректерді; шаруашылық салаларын орналастырудың заманауи факторларын; дүниежүзі елдерінің рейтингтері мен индекстерін талдауы;

5) модельдері, зерттеушілік және шығармашылық жобаларды, ақпараттық материалдарды; географиялық нысандардың әрекет ету және даму проблемаларын шешу жөніндегі ұсыныстарды; зерделенетін географиялық нысандарды, процестерді, құбылыстарды жіктеу, жүйелеу, жалпылау және саралу мақсатында білімдер мен дағдыларды; географиялық нысандар, процестер мен құбылыстарды түсіндіру, болжау жасау, өзгерістері мен перспективаларын анықтау үшін білімдер мен дағдыларды жинақтауы тиіс.

## 5. Тест тапсырмаларының бағалануы

| Тест бөлімдері  | Тест тапсырмасының формасы                         | Тест тапсырмасының саны | Максималды бастапқы балл |                 |
|-----------------|--|-------------------------|--------------------------|-----------------|
|                 |  |                         | Бір тест тапсырмасы үшін | Жалпы тест үшін |
| I бөлім         | Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған                | 10                      | 1                        | 10              |
| II бөлім        | Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған | 5                       | 2                        | 10              |
| <b>Барлығы:</b> |  | <b>15</b>               |                          | <b>20</b>       |



**6. Тест тапсырмаларын орындауға жұмсалатын уақыт**

| <b>Тест бөлімдері</b> | <b>Тест тапсырмасының формасы</b>                  | <b>Тест тапсырмасының саны</b> | <b>Тест тапсырмасының орташа орындалу уақыты (мин)</b> | <b>Орындауға жұмсалатын жалпы уақыт (мин)</b> |
|-----------------------|--|--------------------------------|--|---|
| I бөлім               | Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған                | 10                             | 2  | 20  |
| II бөлім              | Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған | 5                              | 2  | 10  |
| <b>Барлығы:</b>       |  | <b>15</b>                      |  | <b>30</b>                                     |